

Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 23 қарашадағы № 1373 Қаулысы

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 40-2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін сыйақының ең төменгі ставкалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К. Мәсімов

**Орындаушыларға және фонограммалар шығарушыларға берілетін
 сыйақының ең төменгі ставкалары**

Ескерту. Ең төменгі ставкаларға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 469 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| р/с № | Пайдаланудың түрі, орны, талаптары, пайдаланушылар | Сыйақының ең төменгі ставкалары | |
|--|---|---------------------------------------|--------------------|
| | | ақылы кіру кезінде | тегін кіру кезінде |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Көпшілік алдында орындау, көрсету, жалпы жұрттың назарына хабарлау және жеткізу жолымен орындаулар мен фонограммаларды пайдалану | | | |
| 1. | Дәмханалар, барлар (айына әрбір отыратын орынға) | 0,2 АЕК | 0,1 АЕК |
| 2. | Мейрамханалар (айына әрбір отыратын орынға) | 0,25 АЕК | 0,15 АЕК |
| 3. | Басқа да қоғамдық тамақтандыру объектілері (айына әрбір отыратын орынға) | 0,008 АЕК | 0,004 АЕК |
| 4. | Түнгі клубтар (айына әрбір отыратын орынға) | билеттерді сатудан түскен кірістен 1% | 0,2 АЕК |
| 5. | Казино және басқа да ойын мекемелері (айына әрбір отыратын орынға) | 0,4 АЕК | |
| 6. | Мәдени ойын-сауық орталықтары, кешендер (айына дыбыстандырылатын алаңның әрбір шаршы метрі үшін) | 0,05 АЕК | |
| 7. | Спорттық-сауықтыру орталықтары, кешендері (айына дыбыстандырылатын алаңның әрбір шаршы метрі үшін) | 0,01 АЕК | 0,001 АЕК |
| 8. | Жәрмеңкелер, көрмелер, сән көрсетулер, сұлулық және кәсіби шеберлік сайыстары (айына дыбыстандырылатын алаңның әрбір шаршы метрі үшін) | 0,02 АЕК | 0,002 АЕК |
| 9. | Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері және пансионаттар (айына көпшілік алдында орындау, көрсету, хабарлау және жалпы жұрттың назарына жеткізу үшін қолданылатын техникалық құралдың бірлігі үшін) | 0,2 АЕК | |
| 10. | Жолаушылар көлігі құралдары (әрбір билетті сату нәтижесінде түскен кірістен) | 0,001% | |

| | | | |
|--|---|-----------|-----------|
| 11. | Спорттық жарыстар, спортшылардың көрсетілімдік орындаулары (әрбір өткізілген іс-шарадан түскен кірістен) | 0,05 % | 0,001 % |
| 12. | Конькимен, роликпен жаппай сырғанау орындары (айына осы мақсатта пайдаланатын орындардың (аумақтың) әрбір шаршы метрі үшін) | 0,05 АЕК | 0,01 АЕК |
| 13. | Театрлар, кинозалдар және фильмдерді демонстрациялауға арналған өзге де орындар (айына дыбыстандырылатын үй-жайдың әрбір шаршы метрі үшін) | 0,01 АЕК | 0,001 АЕК |
| 14. | Мәдени-демалыс ұйымдары (мәдениет және демалыс парктері, мәдениет үйлері мен сарайлары, аквапарктер) (айына дыбыстандырылатын аумақтың (үй-жайдың) әрбір шаршы метрі үшін) | 0,01 АЕК | 0,001 АЕК |
| 15. | Сауда үйлері, дүкендер, сауда базарлары және сауда мақсатына арналған өзге де орындар (айына дыбыстандырылатын аумақтың әрбір шаршы метрі үшін) | 0,002 АЕК | |
| 16. | Театрландырылған, концерттік, цирктік бағдарламалар (іс-шара өткізу нәтижесінде түскен кірістен) | 0,02 % | 0,01 % |
| 17. | Бұқаралық іс-шаралар, қала күндері, мейрамдар, фестивальдар (іс-шара өткізу нәтижесінде түскен кірістен) | 0,02 % | 0,01 % |
| 18. | Музыкалық автоматтар жүйелері және караоке арқылы (айына әрбір музыкалық автомат және караоке үшін) | 0,2 АЕК | 0,1 АЕК |
| 19. | Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген эфирлік телевизиялық хабар тарату ұйымдары (жарнамадан түскен кірістен) | 0,1% | |
| 20. | Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген эфирлік радио хабар тарату ұйымдары (жарнамадан түскен кірістен) | 0,1% | |
| 21. | Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген кәбілдік (өткізгішті), жерсеріктік телевизиялық хабар тарату ұйымдары (айына кәбілдік, жерсеріктік теледидар қызметі үшін түскен абоненттік төлемнен) | 0,1% | |
| 22. | Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген кәбілдік (өткізгішті), жерсеріктік радио хабар тарату ұйымдары (айына кәбілдік, жерсеріктік радио хабар тарату қызметі үшін түскен абоненттік төлемнен) | 0,1% | |
| 2. Табыс алу мақсатында қайта шығару (көбейту) және (немесе) тарату арқылы орындаулар мен фонограммаларды пайдалану | | | |

| | | |
|-----|--|----------|
| 23. | Орындауларды дыбыс және дыбыстау-бейнелеу жазбаларында қайта шығару (көбейту) және (немесе) тарату (орындаулардың санына қарамастан, әрбір шығарылған данасын өткізу бағасынан) | 0,3% |
| 24. | Орындаулар мен фонограммаларды телефондар (ұялы, смартфондар, дербес қалта компьютерлері), музыкалық аппараттар, автоматтар және караоке жүйелері үшін музыка, әуен (рингтондар, реалтондар) және қоңырау (рингбэктондар) ретінде қайта шығару және (немесе) тарату (айына әрбір пайдаланылатын туындының әрбір пайдаланғаны үшін) | 0,03 АЕК |
| 25. | Орындаулардың дыбыс жазбалары және (немесе) дыбыстау-бейнелеу түріндегі даналарын прокатқа, жалға беру (айына әрбір пайдаланылатын дана үшін) | 0,01 АЕК |

Ескертпе:

1. Орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға берілетін ең төменгі сыйақы ставкалары орындаулар мен фонограммаларды оларда белгіленген пайдалану түрлері үшін ең төменгі болып табылады.

2. Сыйақының мөлшерін, оны төлеудің тәртібі мен мерзімдерін орындаушылармен, фонограмма шығарушылармен, олардың құқықтық мирасқорларымен не мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен жасалатын лицензиялық шартта тараптар белгілейді.

3. Сыйақыны төлеу кезінде осындай сыйақыны төлеу күні қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген АЕК мөлшері пайдаланылады.

4. Коммерциялық мақсатта жарияланған орындауларды және фонограммаларды көпшілік алдында орындауды, эфир немесе кабель арқылы хабарлауды жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер пайдаланушылар болып табылады.

5. Егер мәдени ойын-сауық орталығының, спорттық-сауықтыру орталығының, сауда үйінің аумағында көпшілік алдында орындау, көрсету, жалпы жұрттың назарына хабарлау және жеткізу арқылы орындаулар мен фонограммаларды өз бетінше пайдаланатын 1, 2, 3, 12, 13 және 14-тармақтарда көрсетілген пайдаланушылар орналасқан жағдайда, сыйақыны төлеу міндеті осы пайдаланушыларға жүктеледі.

6. Егер көпшілік алдында орындау, көрсету, жалпы жұрттың назарына хабарлау және жеткізу арқылы орындаулар мен фонограммаларды өз бетінше пайдаланбайтын 1, 2, 3, 12, 13 және 14-тармақтарда көрсетілген пайдаланушылар орналасқан мәдени ойын-сауық орталықтың, спорттық-сауықтыру орталығының, сауда үйінің барлық аумағында орындаулар мен фонограммалар көпшілік алдында орындалған, көрсетілген, жалпы жұрттың назарына хабарланған немесе жеткізілген жағдайда, сыйақыны мәдени ойын-сауық орталығының, спорттық-сауықтыру орталығының, сауда үйінің иесі төлейді.

7. 21-тармақта көзделген сыйақы мөлшерін орындаушылар мен фонограмма шығарушылардың құқықтарын сақтауды көздейтін лицензиялық шарттары бар кәбілдік (өткізгішті), жерсеріктік телевизиялық хабар тарату ұйымдары төлемейді.

8. 9-тармақта көзделген сыйақының ай сайын төленетін мөлшері техникалық құралдар санын онда көрсетілген сыйақы ставкасына көбейту нәтижесінде алынған сыйақының он екіден бір бөлігін құрайды.

Ескерту. Ескертпе 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 469

қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Аббревиатураның толық жазылуы:

АЕК - айлық есептік көрсеткіш

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ
РМҚ